

Бағалы металдар мен асыл тастарға байланысты қатынастарды мемлекеттік реттеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2372 Заң күші бар Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі N 276 заңымен.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_1-бабына сәйкес осы Жарлықты шығарамын.

1-бап. Осы Жарлықта қолданылатын негізгі ұғымдар

"Тазартылған бағалы металдар" - тазарту кезеңінен өткізілген, халықаралық стандарттарға немесе Қазақстан Республикасының стандарттарына сай келетін металдар (құйма, ұнтақ, түйіршік түріндегі);

"Мемлекеттік қазына қоймасы (Мемқойма)" - занды тұлғалардың иелігіндегі бағалы металдардың, асыл тастардың және олардан жасалған бұйымдардың сақталуын шарттық қатынас негізінде жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорын;

"бағалы металдар" - қандай болсын шикізат, балқыма, жартылай өндөлген өнім, өнеркәсіптік өнім, химиялық қосындылар, бұйымдар, сынықтар мен қалдықтар түрі мен құйіндегі алтын, күміс, платина және платина тобына жататын металдар (палладий, иридий, родий, осмий);

"асыл тастар" - табиғи алмас, зұбәржат, рубин, сапфир және

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша шикізат және ұқсатылған құйінде басқа да асыл тастар;

"металл шоттар" - уәкілді банкте занды немесе жеке

тұлғаға ашылатын банкілік шоттар, бұларға аталған тұлғаның иелігіндегі тазартылған бағалы металдардың физикалық мөлшері көрсетіледі;

(6)

(7)

(8)

(9)

(10)

"бастапқы саудаластық"- Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын шикізаттан өндіріліп тазартылған бағалы металдарды бастапқы

сату жүзеге асырылатын саудаластық. Бастапқы саудаластықты өткізу ережелерін Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің келісуі бойынша уәкілді орган айқындайды;

"көтерме алтын" - геологиялық барлау және өндіру жұмыстарын жүргізу барысында Қазақстан Республикасының карьерлерінде, түпкілікті және шашыранды кен орындарында табылған саф түріндегі бағалы металдар;

(13)

"уәкілдік берілген банктер"- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі берген лицензияға сәйкес тазартылған бағалы металдармен бастапқы саудаластыққа қатысуға және операция жүргізуге құқығы бар банктер;

"уәкілді берілген орган" - бағалы металдармен, асыл тастармен және зергерлік бұйымдармен қызметті жүзеге асыруға байланысты қатынастарды реттеу саласындағы өкілеттікті Қазақстан Республикасының зандары негізінде жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

"зергерлік бұйымдар" - бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған бұйымдар.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының

1996.07.03. N 18-І Заңымен. Z960018_

2-бап. Осы Жарлықпен реттелетін қатынастар

Осы Жарлықтың 3-бабында көрсетілген бағалы металдармен, асыл тастармен және зергерлік бұйымдармен жасалатын қызмет түрлерін жүзеге асыруға байланысты қатынастар осы Жарлықта белгіленген нысандарда мемлекеттік реттеуге жатады.

ЕСКЕРТУ. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының

1996.07.03. N 18-І Заңымен.

Z960018_

3-бап. Бағалы металдармен, аஸыл тастармен және зергерлік бұйымдармен қызмет түрлерін лицензиялау

Қазақстан Республикасының аумағында мынадай қызмет түрлері лицензиялауға жатады:

1) бағалы металдар мен аஸыл тастарға байланысты:

барлау;

өндіру;

ұқсату;

құрамында бағалы металдар мен асыл тастар бар қайталама ресурстарды және қалдықтарды дайындау мен ұқсату;

2) тазартылған бағалы металдарға байланысты:

сақтау;

меншік құқығының ауысуы жөніндегі операциялар:

а) сатып алу-сату;

б) банк операциялары;

3) зергерлік бұйымдарға байланысты:

әзірлеу;

ЕСКЕРТУ. 3-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1996.07.03.

N 18-I Заңымен.

Z960018_

4-бап. Бағалы металдармен, асыл тастармен және зергерлік бұйымдармен қызметті бақылау

Қазақстан Республикасының аумағында осы Жарлықтың 3-бабында көрсетілген бағалы металдармен, асыл тастармен және зергерлік бұйымдармен қызмет түрлерін жүзеге асыратын мемлекеттік бақылау жүйесі жұмыс істейді, оны уәкілдік берілген органдар жүргізеді.

ЕСКЕРТУ. 4-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1996.07.03. N 18-I Заңымен.

5-бап. Есепке алу және есеп беру

Осы Жарлықтың 3-бабында көрсетілген бағалы металдармен, асыл тастармен және зергерлік бұйымдармен жасалатын қызмет түрлерін жүзеге асыруши заңды және жеке тұлғалар белгіленген есепке алушы жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген есеп.

ЕСКЕРТУ. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.07.03. N 18-I Заңымен.

6-бап. Тазартылған бағалы металдарды сату

1. Қазақстан Республикасының аумағында шығарылған шикізаттан өндіріліп тазартылған бағалы металдар бастапқы саудаластықта сатуға жатады, бұған осы Жарлықтың 13-бабының 1-тармағындағы 1)-тармақшаға сәйкес әкетілетін бағалы металдар қосылмайды.

Бастапқы саудаластыққа шығарылған, бірақ сатылмай қалған тазартылған бағалы металдар уәкілдік берілген орган растаған көлемде ішкі және сыртқы рыноктарда сатылады.

2. Бастапқы саудаластыққа сатып алушы ретінде занды тұлғалар, соның ішінде Бастапқы саудаластықты өткізу ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының резиденті еместер Ұлттық және уәкілдік берілген банктер арқылы де қатысады.

3. Бастапқы саудаластыққа Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі қазынашылығының және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тазартылған бағалы металдарды сатып алудан алғашқы рет бас тарту құқығы, сондай-ақ сатушылар ретінде қатысу құқығы бар.

ЕСКЕРТУ. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.07.03. N 18-І Заңымен.

7-бап. Тазартылған бағалы металдармен жасалатын мәмілелер

1. Бастапқы саудаластықта өткізілген тазартылған бағалы металдармен, сондай-ақ шет мемлекеттердің аумағында шығарылған шикізаттан өндіріліп тазартылған бағалы металдармен жасалатын мәмілелерді занды және жеке тұлғалар мұндай мәмілелердің нәтижелерін уәкілдік берілген банктердің металл есеп шоттарында көрсету арқылы ішкі және сыртқы рыноктарда жүзеге асырады.

2. Сыртқы нарықта тазартылған бағалы металдармен жасалатын

мәмілелер Қазақстан Республикасының валюта зандарына сәйкес жүзеге асырылады.

ЕСКЕРТУ. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.07.03. N 18-І Заңымен.

8-бап. Тазартылған бағалы металдарды сақтау мен босату

1. Қазақстан Республикасының аумағында сатып алынған тазартылған бағалы металдарды сақтау:

занды тұлғалар - Мемқоймада не Ұлттық және уәкілдік берілген банктер қоймаларында;

жеке тұлғалар уәкілдік берілген банктерде жүзеге асырады.

2. Бастапқы саудаластықта өткізілгенге дейін тазартылған бағалы металдар өндірісте сақталуы мүмкін.

3. Тазартылған бағалы металдар Мемқоймадан немесе Ұлттық

және уәкілді банктердің қоймаларынан лицензияланатын қызметті жүзеге асыру үшін босатылады.

ЕСКЕРТУ. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.07.03. N 18-І Заңымен.

9-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің тазартылған бағалы металдармен жүргізетін операциялары Қазақстан Республикасының Үкіметі тазартылған бағалы металдармен операцияларды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылығы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы ішкі және сыртқы рыноктарда жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 9-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1996.07.03. N 18-І Заңымен.

10-бап. Асыл тастармен жасалатын қызмет түрлері мен операцияларды реттеу

Асыл тастармен жасалатын қызмет түрлері мен операцияларды реттеу қолданылып жүрген заңдарға және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін Ережелерге сәйкес жүргізіледі.

ЕСКЕРТУ. 10-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1996.07.03. N 18-І Заңымен.

11-бап. Бағалы тастар мен асыл тастардың Үкімет резерві

1. Үкімет республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен Қазақстан Республикасының Үкіметі сатып алған, сондай-ақ тәркіленген, иесіз қалған, мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен, көмбелер құрамынан табылған бағалы металдар соның ішінде көтерме алтын мен асыл тастардан әрі тарихи және мәдени ескерткіштер болып табылатын, әрі археологиялық қазбалардан алынған, бұйымдар мен сынықтар құрамындағы немесе аса көркем зергерлік бұйымдар түріндегі бағалы металдар мен аஸыл тастардан тұратын Үкімет (бюджет) резервін қалыптастырады.

2. Үкімет (бюджет) резерві Мемқоймада сақталады. Үкімет (бюджет) резервіне тапсырылатын құндылықтарды, тапсыру, беру, есептеу және өткізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

ЕСКЕРТУ. 11-баптың 1-тармағына өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.07.03. N 18-І Заңымен.

12-бап. Құрамында бағалы металдар мен аஸыл тастар бар сынықтар мен қалдықтар

Занды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің қолындағы құрамында бағалы металдар мен аஸыл тастар бар сынықтар мен қалдықтар міндетті түрде есепке

алуға жатады және олар ұқсату үшін сатылуы немесе жиналған жеріне қайта пайдаланылуы мүмкін.

13-бап. Бағалы металдарды әкету

1. Қазақстан Республикасының аумағында өндіріліп, шикізаттан шығарылған тазартылған бағалы металдарды әкетуге мынадай жағдайларда рұқсат беріледі:

1) уәкілдік берілген органмен Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен бағалы металдарды өндіру көзделген келісім-шарт жасасқан шетелдік инвесторға не шетел қатысқан занды тұлғаға;

2) бастапқы саудаластықтан өткен тазартылған бағалы металдарды сатып алған занды тұлғаға не жеке-дара кәсіпкерге;

3) тазартылған бағалы металдарды сату үшін бастапқы саудаластыққа шығарған және оларды уәкілдік берілген орган растиған көлемде өткізе алмаған занды тұлғаға.

2. Шетел мемлекеттерінің аумағында өндіріліп, шикізаттан шығарылған тазартылған бағалы металды Қазақстан Республикасы аумағынан әкету Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және

құрамында бағалы металдар бар шикізатты оның аумағында тыс жерде тазарту үшін әкетуге болады. Тазартылып алынған бағалы металдар бастапқы саудаластықта өткізуге жатады.

ЕСКЕРТУ. 13-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1996.07.03. N 18-І Заңымен.

14-бап. Бағалы металдардан жасалған инвестициялық, ескерткіш және мерекелік мәнеттерді әкелу және әкету

Бағалы металдардан жасалған инвестициялық, ескерткіш және мерекелік мәнеттерді Қазақстан Республикасының аумағында әкелу және әкету Қазақстан Республикасының валюта зандарымен реттеледі.

15-бап. Тазартылған бағалы металдар мен асыл тастарды әкелу

Қазақстан Республикасының аумағында тазартылған бағалы

металдар мен асыл тастарды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен занды және жеке тұлғалар әкеледі.

ЕСКЕРТУ. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.07.03. N 18-І Заңымен.

16-бап. Осы Жарлықты бұзғаны үшін жауапкершілік
Осы Жарлықты бұзғаны үшін осы Жарлықтың 3-бабында аталған
қызмет түрлерімен жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар Қазақстан
Республикасының заңдарына сәйкес жауапқа тартылады.

ЕСКЕРТУ. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының
1996.07.03. N 18-І Заңымен.

17-бап. Осы Жарлықтың күшіне ену тәртібі

1. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.
2. Осы Жарлықтың бастапқы саудаластықта өткізілген
тазартылған бағалы металдармен мәмілелерге қатысты 6-бабының,
7-бабындағы 1-тармағының және 13-бабының 1-тармағындағы
2)- тармақшасының ережелері Бастапқы саудаластық өткізу
ережелері бекітілгеннен кейін күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті